

ПРОФЕССОРЛЫҚ-ОҚЫТУШЫ ҚҰРАМЫНЫҢ ЖҮКТЕМЕСІН ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ ЕСЕПКЕ АЛУ

1. Профессор-оқытушылар құрамының (ПОҚ) педагогикалық жүктемесі қабылдаудың сәйкесінше тәртіптерінен өткеннен кейін оқу жылындағы оқытушының нақты лауазымдық нұсқаулық түрі болып табылатын, әрбір оқытушының жеке жоспарымен анықталады.

2. Әрбір оқытушының жеке жұмыс жоспары келесі бөлімдерден тұрады:

- оқу жұмысы;
- оқу-әдістемелік жұмыс;
- ғылыми-зерттеу жұмысы;
- ұйымдастыру жұмысы;
- тәрбие жұмысы.

3. Жоғары кәсіптік білімнің оқу орындарындағы штаттағы оқытушылардың педагогикалық жүктемесінің көлемі атқаратын қызметіне, ғылыми дәрежесі мен ғылыми атағына қарамастан 36 сағаттық жұмыс аптасымен есептелінеді. Осыған байланысты жоғарыда айтылған әрекеттердің барлығы әрбір штаттағы оқытушылар үшін міндетті болып табылады және нақты жұмысты жоспарлау мен есептеу үшін уақыт мөлшерімен сәйкес анықталады.

4. ПОҚ педагогикалық жүктемесін жоспарлау, дәрісханалық (дәрісханадан тыс) оқу сабақтарында сабақ кестесі бойынша студенттермен оқытушылардың нақты жұмыс уақытын көрсетететін немесе оқу жұмысының басқа түрлері үшін жеке бекітілген кесте бойынша кредитпен немесе академиялық сағатпен жүзеге асады.

5. Университетте оқу жұмысының келесі түрлері бекітілген:

- дәріс
- семинар
- тәжірибелік сабақ
- студиялық сабақ
- зертханалық сабақ
- кеңес беру
- студенттің өзіндік жұмысы
- оқытушының жетекшілігімен студенттің өзіндік жұмысы
- кәсіби тәжірибе (оқу, оқу-таныстыру, педагогикалық, археологиялық, далалық, өндірістік, дипломалды және т.б.)
- курстық жұмысқа жетекшілік
- дипломдық жұмысқа жетекшілік
- магистрлік диссертацияға жетекшілік
- докторлық диссертацияға жетекшілік.

6. Оқу жұмыстарымен қатар бақылау шараларыда қарастырылған. Бақылау шараларына ағымдық бақылау, жарты семестрлік емтихан (Midterm), аралық аттестация/қорытынды бақылау, қорытынды аттестация жатады.

7. Дәрістерді жүргізу профессорлар, доценттер, аға оқытушыларға жоспарланады.

7.1 Университет дәріс оқуға өндірістің тәжірибелі мамандарын, сәйкес қызмет саласындағы тәжірибелік жұмысшыларды тартуына болады.

7.2 Семинарлар, тәжірибелік және зертханалық сабақтарды оқытушылар және ассистенттер жүргізе алады.

8. Оқу жылындағы ПОҚ оқу жүктемесі жаратылыстану-техникалық бағыттар үшін 23 кредитті, әлеуметтік-гуманитарлық бағыттар үшін 25 кредитті құрайды.

8.1. ПОҚ оқу жүктемесін семестр бойынша бөлген кезде, бір семестрде оқу жылындағы жалпы жүктеме көлемінің кемінде 30%-ын құрау керек.

8.2. Дәрісханалық (аудиториялық) оқу сабақтары бойынша ПОҚ оқу жүктемесі оқу жылындағы жалпы жүктеме көлемінің кемінде 60%-ын құрау керек.

9. Оқу сабақтарын ұйымдастырылуы мен жүргізілуі мақсаттық тиімділік шеңберінде мамандықтар бағыты, тілдік бөлім және олардың оқу түрін ескере отырып пәндерді таңдаған білім алушылардан құрастырылған академиялық (пәндік) топтар (семинарлар, тәжірибелік сабақтар) және ағымдар (дәрістер) бойынша жүзеге асады.

Тілдерді (қазақ, орыс, ағылшын тілдерін) оқуға байланысты тәжірибелік сабақтар, информатика, сонымен қатар студиялық және зертханалық сабақтар топ бөліктерінде (топшаларда) жүргізіледі.

Университетте пәндік топтар 25 адамнан, топ бөліктері кемінде 12 адамнан, күрделі эксперимент жүргізуге байланысты пәндер үшін (химиялық, физикалық, биологиялық) зертханалық топтар кемінде 10-12 адамнан құрастырылады.

10. Білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ету мақсатымен білімі беру бағдарламаларындағы пәндік ағымдар мен топтардың (семинарлық/тәжірибелік, зертханалық) санын анықтау кезінде, академиялық кредиттің базалық (негізгі) өзіндік құнына негізделе отырып, университет бойынша (факультет, кафедра) олардың тиімділігі есепке алынады.

11. Көп тілді пәндік топтардағы оқуды ұйымдастыру кезінде шетел тілінде сабақ жүргізу ПОҚ оқу жүктемесінде жоғартылған коэффициентпен (1,5) есептеледі. Филология және әлем тілдері, Шығыстану, Халықаралық қатынастар факультеттеріндегі тілді оқыту бағытындағы пәндер үшін жоғарылату коэффициенті қолданылмайды.

12. Оқытушының жетекшілігімен өзіндік жұмыс дәрісханадан тыс уақытта оқытушының кеңсе-сағат кестесіне сәйкес жүргізіледі. Кеңсе-сағат саны ағымдағы академиялық кезең бойынша оқытушының жалпы оқу жүктемесіне негізделе отырып келесідей қатынаста анықталады: 1-4 кредит – аптасына 1 академиялық сағат, 5-9 кредит – аптасына 2 академиялық сағат, 10 кредиттен жоғары – аптасына 3 академиялық сағат.

13. Оқытушының сағат бойынша еңбек ақысы тек оқу жұмысы орындалған кезде төленіп, бір оқу жылында 300 сағаттан артық болмауы керек.